



«Алғашқы жұмыс орны» жобасы

ҚР Үкіметінің 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы аясында ұйымдастырылатын «Алғашқы жұмыс орны» жобасы жұмысқа алғаш рет орналасатын, еңбек тәжірибесі жоқ жастарды қолдау мақсатында іске асырылуда.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы –жұмыссыздарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің қосымша шарасы ретінде қабылданған. Мақсаты еңбек нарығындағы жастардың бәскеге қабілетін арттыру және қажетті еңбек дағдыларын беру. Жобаға алғаш рет жұмыс іздеп жүрген түлектер, 29 жастан аспаған, жұмыс тәжірибесі жоқ, жұмыс іздеп жүрген NEET (not in Education, Employment or Training; ағылшын тілінен аударғанда «білімі, жұмысы немесе кәсіптік даярлығы жоқ» деген мағынаны білдіреді) санатындағы жастар қатыса алады.

Бірінші жұмыс орнындағы жұмыс ұзақтығы 18 айдан аспайды, аяқталғаннан кейін қатысушыға емінде 12 ай иерзімге тұрақты жұмыс орны беріледі.

Жалақы кемінде 30 айлық есептік көрсеткішті (АЕК) құрайды.

Жұмысқа орналасу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

1. Жеке куәлік Студенттерге арналған оқу орнынан анықтама.

2. Еңбек өтілін растайтын құжат (бар болған жағдайда)
3. Білімі туралы дипломның көшірмесі
4. Арнайы білімін немесе кәсіптік дайындығын растайтын құжат

Жолдама алу үшін тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығына жүгінк қажет немесе Электрондық еңбек биржасында (enbek.kz) бос жұмыс орнын таңдай алады